




АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 23 қаңтар

2018 жылғы желтоқсандағы БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша инвестициялық қызметке қысқаша шолу


Жалпы портфель. БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау стратегиясына сәйкес сақтауды және кірістілікті қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялық портфельді әртараптандыру мақсатында зейнетақы активтері валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының әр түріне инвестицияланады.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелінің көлемі **9 378,0 млрд теңге** болып, 2018 жылы 1 603,2 млрд теңгеге немесе 20,6%-ға ұлғайды. Теңгемен номинирленген ақша қаражаты мен қаржы құралдары **6 304,7 млрд** теңгені немесе 67,2%-ды, шетел валютасында номинирленген – **3 073,3 млрд** теңгені немесе 32,8%-ды құрады.



Теңгемен номинирленген зейнетақы активтерінің портфелі. БЖЗҚ-ның теңгемен номинирленген зейнетақы активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес жыл сайын мақұлдайтын бағыттар шеңберінде ғана инвестицияланады. 2018 жылы аталған Кеңес Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу, портфельді әртараптандыру үшін шетел валютасын сатып алу, халықаралық қаржы ұйымдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, екінші деңгейдегі банктердің және басқа да корпоративтік қазақстандық эмитенттердің бағалы қағаздарын сатып алу сияқты БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау бағыттарын мақұлдады.

Теңгедегі портфельдің құрылымы



Теңгемен инвестициялар. 2018 жылғы желтоқсанда теңгемен номинирленген зейнетақы активтерін инвестициялау көлемі **220,6 млрд теңге** (ақша нарығы құралдарына инвестицияларды есептемегенде¹) болды, оның ішінде:

- кірістілігі жылдық 9,5%-бен 38,8 млрд теңге сомаға «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тың облигациялары сатып алынды;
- кірістілігі жылдық 9,9%-бен 15,0 млрд теңге сомаға «Баспана» ИҰ» АҚ-тың облигациялары сатып алынды;
- кірістілігі жылдық 10,0%-бен 83,0 млрд теңге сомаға «АстанаГаз КМГ» АҚ-тың облигациялары сатып алынды;
- кірістілігі жылдық 8,6%-бен 40,2 млрд теңге сомаға ҚР Қаржы министрінің МБҚ сатып алынды;
- ҚР екінші деңгейдегі банктерді қаржыландыру бойынша жарияланған бағдарлама шеңберінде экономиканы 200 млрд теңге сомаға қолдау және 600 млрд теңге сомаға ұзақ мерзімді өтімділік қамтамасыз ету үшін орташа алынған кірістілігі жылдық 12,09%-бен 43,6 млрд теңге жалпы сомаға екінші деңгейдегі банктердің облигациялары сатып алынды.

Қаралып отырған кезеңде теңгемен бос ақша қаражаты ақша нарығының қысқа мерзімді құралдарына да орналастырылған. Бұл ретте осы инвестициялар инвестициялаудың стратегиялық мақсаты болып табылмайды және зейнетақы активтерінің кірістілігін қолдау үшін ағымдағы өтімділікті басқару шеңберінде жүзеге асырылады.

Теңгемен өтеулер мен сату. 2018 жылғы желтоқсанда бағалы қағаздардың эмиссиясы проспектісінде белгіленген мерзімдерге сәйкес екінші деңгейдегі банктер, «ЦАТЭК» АҚ және «Продкорпорация» АҚ 33,8 млрд теңге жалпы сомадағы негізгі борышты өтеді.


Екінші деңгейдегі банктердің бастамасы бойынша қаралып отырған кезеңде банктік салым шарттарында белгіленген талаптарға сәйкес депозиттер бойынша 2,0 млрд теңге жалпы сомадағы негізгі борыш мерзімінен бұрын ішінара өтелді.

Есепті кезеңде 19,4 млрд теңге жалпы сомаға «Цеснабанк» АҚ-тың және «АстанаГаз КМГ» АҚ-тың облигациялары сатылды.

Шетел валютасымен номинирленген зейнетақы активтерінің портфелі.

¹ ҚРҰБ ноттары мен депозиттері, ҚР МБҚ кепілімен «Валюталық своп» және «Кері репо» операциялары

Шетел валютасымен номинирленген БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері БЖЗҚ Инвестициялық декларациясында белгіленген валюталық активтерді инвестициялаудың жалпы құрылымына және стратегиясына сәйкес инвестицияланады.



Шетел валютасымен инвестициялар. 2018 жылғы желтоқсанда шетел валютасымен номинирленген зейнетақы активтерін инвестициялау көлемі **95,8 млрд теңге** болды, оның ішінде:

- 91,1 млрд теңге сомаға жылдық 2,4% кірістілігі бар АҚШ-тың қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары сатып алынды;
- 4,6 млрд теңге сомаға жылдық 4,1% орташа алынған кірістілігі бар АҚШ долларында номинирленген Қытайдың квазимемлекеттік секторының шетелдік эмитенттерінің облигациялары.

Дамушы елдер эмитенттерінің бағалы қағаздарына салынған инвестициялар шеңберінде Қытайдың «А» деңгейінде ең төменгі кредиттік рейтингі бар квазимемлекеттік секторының 3 эмитентінің еурооблигациялары сатып алынды. Аталған бағалы қағаздардың эмитенттерін 100% мемлекет бақылайды.

Еурооблигациялардың әрбір шығарылымын сатып алу үлесі шамалы ғана және әрбір шығарылым айналысындағы көлемнің 0,3%-ынан бастап 1,6%-ына дейінгі мөлшерді құрайды. Еурооблигациялардың жоғарыда көрсетілген шығарылымдары танымал және ірі инвестициялық қорлар барынша жаңартып отыратын, JPMorgan компаниясы бақылайтын EMBIG дамушы елдер облигацияларының индексіне (Emerging Markets Bond Index Global) кіреді.

Эмитент	ISIN	Эмитенттің ең төменгі рейтингі	Айналыстағы шығарылымнан сатып алу үлесі, %	Сала
AVI Funding CO LTD	XS1291170360	A+	1,60	Қытайдың мемлекеттік банкі ҚХР Мемлекеттік кеңесінің тікелей басшылығымен мемлекеттік банк

				саясатының жолбасшысы болып табылады.
Rongshi International FI	XS1601199778	A	0,30	Корпоративтік қаржыландыру, қазынашылықты басқару қызметтерін және басқа қаржылық қызметтерді ұсынатын қаржы компаниясы.
Three Gorges Fin I Cayma	USG8850LA A82	A+	0,43	Қытайдың жобалау, құрылыс және күн, жел және гидро-энергетика саласындағы жобаларды пайдаға асыру жөніндегі ірі операторы.

Шетел валютасында өтеу және сату. 2018 жылғы желтоқсанда белгіленген мерзімдерге сәйкес АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша 55,6 млрд теңге сомаға негізгі борыш өтелді.

Есепті кезеңде 79,4 млрд теңге жалпы сомаға АҚШ Үкіметінің МБҚ және Қытайдың квазимемлекеттік секторының шетелдік эмитенттерінің облигациялары сатылды.

Инвестициялық қызметтің нәтижелері. 2018 жылы есептелген инвестициялық кіріс мөлшері **977,18 млрд теңгені** құрады.

Бұл ретте 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БЖЗҚ салымшылары (алушылары) үшін соңғы 12 айдағы (2018 жылғы қаңтардан бастап 2018 жылғы желтоқсанға дейінгі аралық) зейнетақы активтерінің кірістілігі 5,30% мөлшеріндегі инфляция кезінде **11,27%-ды** құрады. Осылайша, соңғы 12 айда БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша нақты кірістілік **5,97%-ды** құрады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz